

Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Құрман орта мектебінің

2023-2024 оқу жылындағы Funny English үйірмесінің жұмысына талдау

Мектеп атауы: «Құрман орта мектебі»КММ

Жетекшінің аты-жөні: Шохпарова Алтынгул Қайратқызы

Білімі: Жоғары

Мамандығы: Шетел тілі екі шетел тілі

Еңбек өтілі -1 жыл үйірме бойынша

Жылдық жүктемесі- 0,5

Үйірменің мақсаты: Қатысымдық құзыретті жетілдіру, шет тілін оқуға уәждемені арттыру және оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін дамыту. Оқушының қарым-қатынас мәдениетін дамытуға жағдай туғызу, грамматикалық фонетикалық ережелерді ескере отырып, еркін таза сөйлеуге бейімді үйрету. Ұлтаралық қатынас тілінде өзара байланыс қарым-қатынас тәсілдерін меңгерту.

Міндеттері: -- Сөздік қорын молайту арқылы сөйлете білу.

Оқушылардың тілдік сауаттылығын арттыру.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту.

Оқушылардың ойлауының бірізді болуын қалыптастыру.

Құрман орта мектебінде **Funny English** үйірмесінің 2023-2024 оқу жылына жылдық жұмыс жоспары жасалды. Жыл басында үйірмеге 24 оқушы алынды. Үйірмедегі оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты жоспар жасалынды. Сәлемдесу, танысу. Greeting friends. Қарым-қатынас дағдылары мен білімін қалыптастыру мақсатында балаларға алғашқы сабақ басталды



Ағылшын тілі үйірмесінде балалар бір-бірімен ағылшын тілінде танысып, Қазақстан туралы ағылшын тілінде презентация дайындады. Топта жұмыс істеді. Әр топ оқушылары өз жобаларын қорғады. Ағылшын лексикасын қолданып түрлі ойындар ойнады. My favourite town сабағы тақырыбында саяхат жасап, көрікті жерлер туралы ағылшынша сипаттап берді. Астана қаласы тақырыбында жаңа лексиканы қолданып, жоба қорғады. Сондай-ақ ағылшын ақындарының өлеңдерін аударып, оқыды. Лондон тақырыбында Лондонның көрікті жерлері туралы бейнефильм көрді. Үйірме барысында балалар өздерін шығармашылық жағынан да таныта білді. Ағылшын тілінде ертегі қойып, ағылшынша әндер айтты. Сонымен бірге әр сабақта бір жаңа әннен үйреніп отырды. Жазғы тілдік үйірмені ұйымдастыру оқушылардың тілдік дайындығын күшейтті. Қойылған мақсат міндеттерге жеттім деп ойлаймын. Үйірме аясында оқушыларға өздерінің өзге тілді қарым-қатынасын білім, білік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндіктер берілді.




Сонымен қатар Our class A classroom I can describe my classroom Possessive's and subject and object pronouns, I can talk about people and their possessions, Language focus be: affirmative, negative and question Vocabulary work: Free time I can talk about my class's hobbies and interests, What are you into? I can understand a text about people's interests тақырыптары бойынша балалар сабаққа қызығушылықпен қатынасты.



Vocabulary Countries, nationalities and languages. I can talk about heroes from different countries and their nationalities Language focus Present simple Affirmative and negative, I can use the present

simple to talk about people's lives, Speaking Making and responding to suggestions, I can make and respond to suggestions. Сөздікпен жұмыс жасау балалар қызығушылықпен орындады.




Оқушылардың сабақтан тыс уақыттағы жеке еңбегі мұғалімнің жалпы басшылығымен оқушының тапсырманы өз бетінше орындауынан тұрады. Бұл тапсырмалардың тақырыбы, мазмұны, күрделілігі мен еңбекқорлығы бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін және оларды алға қойған жоспарларды ойдағыдай орындау үшін барлық қажеттіліктермен қамтамасыз ету мүмкіндіктерін ескере отырып таңдалады. Әр сабағымыз қызықты өтеді. Соның бірі телефон ойыны жаттап алған сөздерін бір-біріне сыбырлап жеткізеді.



Үшінші деңгейдегі тапсырмалар орындау арқылы оқушы өзі тұжырым жасайды. Мұғалім нұсқаушы, бағыт беруші, кеңесуші ретінде болады. Оқушының өзі сөздіктерді пайдаланып, мәтіндерді аударады. Берілген мәтіндерге сұрақ ойлап жазады. Өзіне керек материалдарды іздеп, тауып оқиды.



Баланың логикасын, ойынын ұшқырлау мақсатында сканвордтар мен суретті кросвордтар, суретті тапсырмалар дайындалып, сабақта қолданымын. Әсіресе бастауыш сыныпта дидактикалық ойындардың маңызы өте зор.



Мұғалім ретіндегі ізгі мұратым – тек білім беріп қана қоймай, әр баланы шығармашылық тұлғаға жетелеу. Шығармашылық дегеніміздің өзі ізденімпаздықтан туады. Баланың өзіне деген сенімін туғызу, өзінен шығармашылық қасиет іздегі білу, шығармашылыққа баулу, қалыптастыру процесі ұзақ та маңызды үдеріс. Кез-келген оқушы мұғалімнің басшылығымен орындаған шығармашылық жұмысының нәтижесінде өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Оқушылардың белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттері арқылы шығармашылығын дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дайындау, осыған орай оқытуды ізгілендіру әр ұстаздың алдында тұрған үлкен міндет екені белгілі. Әсіресе оқушыларды шығармашылық жұмыстармен айналысуына көбірек назар аударамын. Оқушыларымды мектепшілік, аймақтық олимпиадаларға қатыстырамын. Ісіміз нәтижесіз де емес. Жалпы білім беретін мектептердің 5-6 сынып оқушылары арасында «Достық 2024» кешенді олимпиадасының аудандық кезеңінде үздік нәтиже көрсеткені үшін жүлделі ІІІ орын алған Құрман орта мектебінің 6 –сынып оқушысы Мақсатұлы Ж марапатталды. Жалпы білім беретін мектептердің 5-6 сынып оқушылары арасында «Достық 2024» кешенді олимпиадасының облыстық кезеңнің қатысушысы Мақстақызы Жанерке облыстық сертификатпен марапатталды. Педагогикалық жолда тек осы істермен шектелмей, интернет жүйесінде де өз тәжірибеммен алмасып, өзге әріптестеріммен қарым қатынас жасаймын. Интернет желісіне сабақтарымды, баяндамаларымды салып, өзге де әріптестеріммен бөлісемін. Бірнеше сертификаттарым да бар. Оқушыларға ағылшын тілінен терең пәндік білім беруде олимпиадаға, пәндік сайыстарға дайындау мақсатында олимпиадалық топ жұмысын жүйелі жүргізіп отырамын.